

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі № 188 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2024 жылғы 20 маусымдағы № 122 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2024 жылғы 24 маусымда № 34548 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі № 188 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28823 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және бюджеттік өтінімді қалыптастыру кезінде бюджет қаражаты есебінен зерттеулердің, консалтингтік

көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау тәртібін белгілейді.";

орыс тіліндегі 2-тармақ мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді; 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тікелей шығындар мемлекеттік тапсырманы жүргізуге байланысты мынадай шығыстарды:

- 1) салықтарды және басқа да міндетті аударымдарды ескере отырып, өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды;
- 2) тікелей шығыстар бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді;
- 3) өндірістік персоналдың, сондай-ақ шақырылған адамдардың іссапар шығыстарын ;
- 4) техникалық қадағалау бойынша инженерлік қызметтер, авторлық және сабактас құқықтар бойынша шығыстарын;
- 5) тауар-материалдық қорларды (жанарап-жағармай материалдарын, шаруашылық материалдарын, кеңсе керек-жараптарын, дәрі-дәрмектерді, оқу процесін жүзеге асыруға арналған материалдарды) сатып алуды;
- 6) байланыс, интернет қызметтеріне, пошта қызметтері, смс-тарату, хостинг аланы;
- 7) жалға алу бойынша қызметтерді;
- 8) веб-сайтты, веб-платформаларды әзірлеуге, доменді және хостингті жалға алуға және оларды техникалық сүйемелдеуге және техникалық қолдауға арналған шығыстар;
- 9) мемлекеттік тапсырма шеңберінде іс-шараларды орындау үшін жеке және занды тұлғалардың қызметтерін;
- 10) өндірістік үй-жайлардың коммуналдық қызметтерін;
- 11) шетелдік іссапарлар кезіндегі өмірді сақтандыру;
- 12) өкілдік шығыстар;
- 13) дизайнер және типография қызметтер;
- 14) көлік және логистикалық қызметтер;
- 15) зияткерлік меншікке авторлық және лицензиялық құқықтарды сатып алуды;
- 16) конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, форумдар және басқа да осыған ұқсас іс-шаралар үйымдастыру және өткізу;
- 17) білім беру курсарын, семинар-тренингтерді, білім беру іс-шараларын, тікелей эфирлерді үйымдастыру және өткізу;
- 18) жобаларды ақпараттық жария ету жөніндегі қызметтерді;
- 19) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетілетін білім алушыларға әлеуметтік көмек беру;

20) мектеп-интернаторда оқитын, дарынды балаларға арналған тамақтандыру қызметтерін;

21) іс-шаралардың бейне мазмұнын жасау бойынша қызметтерді;

22) визалық қолдау көрсету жөніндегі қызметтерді қамтиды.";

12-тармақ алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрі*

E. МАРЖИКПАЕВ

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК